**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2019 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз және үш ай үшін*

# МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу нәтижелері жөніндегі есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 5
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 6-7
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) ........ 8-40

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# Аралық қаржылық ақпаратты тексеру нәтижелері туралы есеп

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлері мен Басшылығына:

***Кіріспе***

Біз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының қоса берiлiп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған үш және тоғыз айлық жиынтық кіріс туралы тиісті аралық шоғырландырылған есеп, сондай-ақ көрселтілген күнге аяқталған тоғыз айлық кезең үшін капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық шоғырландырылған есептерден және таңдаулы түсіндірме ескертпелерден тұрады («аралық қаржылық ақпарат»). Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл аралық қаржылық ақпарат жөнінде қорытындыны қалыптастыру болып табылады.

***Шолып тексерудің көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Building a better working world

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның қоса берiлiп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

*„Эрнст энд Янг" ЖШС*

Гульмира Турмагамбетова
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы
№0000374 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2019 жылғы 19 қараша

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудит жүргізілмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 5 | **4.420.619** | 4.515.170 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | 6 | **39.334** | – |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **192.379** | 189.800 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 7 | **3.096** | 24.188 |
| Материалдық емес активтер | | **166.982** | 173.077 |
| Ұзақ мерзімді банк салымдары | 8 | **51.044** | 52.297 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 9 | **5.516.701** | 4.895.444 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер | | **99.860** | 97.881 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **110.370** | 113.073 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | 5 | **72.388** | 27.176 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек | | **652.680** | 638.528 |
| Басқа қаржы активтер | | **5.616** | 4.753 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | | **19.727** | 16.942 |
| | | **11.350.796** | 10.748.329 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | | **269.288** | 312.299 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **80.574** | 66.522 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **36.470** | 53.143 |
| Сауда дебиторлық берешек | 10 | **533.919** | 493.977 |
| Қысқа мерзімді банк салымдары | 8 | **500.471** | 386.459 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек | | **134.064** | 148.615 |
| Өзге де ағымдағы активтер | 10 | **198.949** | 204.723 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 11 | **786.715** | 1.539.453 |
| | | **2.540.450** | 3.205.191 |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтер | 4 | **29.301** | 61.760 |
| | | **2.569.751** | 3.266.951 |
| **Активтер жиыны** | | **13.920.547** | 14.015.280 |

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудит жүргізілмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | | **916.541** | 916.541 |
| Қосымша төленген капитал | | **40.794** | 40.794 |
| Басқа да капитал | | **83** | 83 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **1.801.906** | 1.764.108 |
| Бөлінбеген пайда | | **5.112.633** | 4.341.062 |
| **Бас компанияның акционеріне жататын** | | **7.871.957** | 7.062.588 |
| | | | |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | 12 | **39.675** | 80.480 |
| **Капиталдың жиыны** | | **7.911.632** | 7.143.068 |
| | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Несиелер | 13 | **3.736.522** | 3.822.648 |
| Резервтер | | **252.700** | 229.797 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер | | **523.936** | 479.598 |
| Қаржылық кепілдіктер | | **17.899** | 11.501 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 6 | **36.123** | 6.550 |
| Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем | 14 | **–** | 480.250 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **31.876** | 33.712 |
| | | **4.599.056** | 5.064.056 |
| | | | |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Несиелер | 13 | **264.487** | 330.590 |
| Резервтер | | **63.928** | 98.471 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **19.698** | 13.272 |
| Сауда кредиторлық берешек | 15 | **621.359** | 632.739 |
| Төленуге жататын басқа салықтар | | **108.012** | 105.026 |
| Қаржылық кепілдіктер | | **4.235** | 1.831 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 6 | **13.789** | 2.656 |
| Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем | 14 | **152.325** | 384.200 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 15 | **162.026** | 234.332 |
| | | **1.409.859** | 1.803.117 |
| | | | |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер | | **–** | 5.039 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **6.008.915** | 6.872.212 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **13.920.547** | 14.015.280 |
| | | | |
| **Бір акцияның баланстық құны** | 12 | **12,694** | 11,424 |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры _____ *Д.С. Қарабаев*

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы _____ *А.Ж. Бекназарова*

Бас бухгалтер _____ *Е.Е. Орынбаев*

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** | | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2019 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2018 жыл (аудит жүргізілмеген) | **2019 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2018 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер | 16 | **1.725.371** | 1.869.057 | **5.127.951** | 5.225.317 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | 17 | **(1.325.745)** | (1.373.598) | **(3.837.324)** | (3.988.124) |
| **Жалпы кіріс** | | **399.626** | 495.459 | **1.290.627** | 1.237.193 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 18 | **(46.440)** | (68.463) | **(157.140)** | (177.486) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | 19 | **(166.625)** | (177.783) | **(524.748)** | (481.706) |
| Гудвилден басқа, негізгі құралдардың, барлау және бағалау жөніндегі активтердің, материалдық емес активтердің құнсызданy | 20 | **(124.570)** | (1.855) | **(149.810)** | (41.556) |
| Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто | | **(5.357)** | (631) | **(5.993)** | (2.094) |
| Басқа да операциялық кіріс | | **6.708** | 4.423 | **16.850** | 14.799 |
| Басқа да операциялық шығыстар | | **(6.302)** | (6.469) | **(13.480)** | (15.574) |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | | **57.040** | 244.681 | **456.306** | 533.576 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | | **(3.687)** | (24.097) | **(1.502)** | (22.432) |
| Қаржылық кіріс | 21 | **32.178** | 28.383 | **93.974** | 139.737 |
| Қаржылық шығындар | 21 | **(84.891)** | (75.215) | **(245.738)** | (352.740) |
| Еншілес компанияны сату/сатып алудан кіріс/(шығыс) | | **–** | 15.110 | **17.481** | 18.359 |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 22 | **193.255** | 195.598 | **638.505** | 532.917 |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **193.895** | 384.460 | **959.026** | 849.417 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 23 | **(21.946)** | (95.472) | **(164.681)** | (204.284) |
| **Жалғасып отырған қызметтен кезеңде болған пайда** | | **171.949** | 288.988 | **794.345** | 645.133 |
| **Тоқтатылған қызмет** | | | | | |
| Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі кезең үшін пайда/(зиян) | | **–** | (468) | **6** | 3.094 |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **171.949** | 288.520 | **794.351** | 648.227 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда** | | | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **208.437** | 277.240 | **831.973** | 625.789 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **(36.488)** | 11.280 | **(37.622)** | 22.438 |
| | | **171.949** | 288.520 | **794.351** | 648.227 |

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін 2018 жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені) | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін 2019 жыл (аудит жүргізілмеген) | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін 2018 жыл (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиян құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс* | | | | | |
| Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма | | **79.797** | 216.091 | **41.485** | 280.164 |
| Шығару тобының жинақталған бағамдық айырмасы | | **–** | – | **–** | (476) |
| Жиынтық кіріс компоненттерінің салықтың әсері | | **(6.522)** | – | **(3.801)** | – |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс** | | **73.275** | 216.091 | **37.684** | 279.688 |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс* | | | | | |
| Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық кірістерді қайта бағалау | | **499** | – | **(845)** | 22 |
| Топтың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық кірістерді/(зияндарды) қайта бағалау | | **7** | (304) | **197** | (170) |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс** | | **506** | (304) | **(648)** | (148) |
| **Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс** | | **73.781** | 215.787 | **37.036** | 279.540 |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны** | | **245.730** | 504.307 | **831.387** | 927.767 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс** | | | | | |
| Бас компанияның акционерлеріне | | **281.787** | 488.625 | **869.004** | 899.417 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | | **(36.057)** | 15.682 | **(37.617)** | 28.350 |
| | | **245.730** | 504.307 | **831.387** | 927.767 |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры ____________ *Д.С. Қарабаев*

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы ____________ *А.Ж. Бекназарова*

Бас бухгалтер ____________ *Е.Е. Орынбаев*

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|
| | **2019 жыл (аудит жүргізілмеген)** | 2018 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | |
| Тұтынушылардан түсетін түсімдер | **4.930.154** | 5.404.280 |
| Жеткізушілерге төлемдер | **(3.539.323)** | (3.640.328) |
| Басқа да салықтар мен алымдар | **(1.057.848)** | (962.454) |
| Төленген табыс салығы | **(103.667)** | (83.425) |
| Алынған сыйақылар | **87.542** | 98.047 |
| Сыйақы төлемдер | **(162.866)** | (173.551) |
| Еңбек ақыны төлеу бойынша төлемдер | **(270.091)** | (284.426) |
| Қайтарылған салықтар | **25.029** | 21.518 |
| Өзге де төлемдер | **(56.835)** | (65.404) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | **(147.905)** | 314.257 |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | |
| Банк салымдардың (алу)/салу таза сомасы | **(102.227)** | 1.323.352 |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық мүлік, барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу | **(338.280)** | (310.826) |
| Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық мүлік, барлау және бағалау бойынша активтерді сату | **10.182** | 8.053 |
| Еншілес ұйымдарды сату *(4-ескертпе)* | **56.760** | 17.967 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер *(9-ескертпе)* | **88.577** | 137.058 |
| Бірлескен кәсіпорындарға берілген салымдардың қайтып алу | **–** | 2.000 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздары қайтып алу | **16.447** | 54.523 |
| Қауымдасқан компаниядан алынатын вексель | **318** | 172 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | **(43.501)** | (50.829) |
| Бірлескен және қауымдасқан компанияларға қосымша салымдар *(9-ескертпе)* | **(789)** | (977) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | **(312.513)** | 1.180.493 |
| **Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | |
| Қарыздар алу | **417.955** | 1.266.750 |
| Қарыздарды өтеу | **(618.358)** | (1.905.739) |
| Самұрық-Қазынаға және Ұлттық банкке төленген дивидендтер *(12-ескертпе)* | **(36.998)** | (36.272) |
| Меншік иелерге өзге де төленген дивидендтер *(12-ескертпе)* | **(4.138)** | (6.334) |
| Еншілес ұйымның меншікті акцияларын сатып алу | **(1.735)** | (634.210) |
| Жалдау міндеттемелері бойынша төлемдер *(12-ескертпе)* | **(11.050)** | (1.379) |
| Самұрық-Қазынаға пайдасына бөлулер *(12-ескертпе)* | **(35.730)** | – |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы** | **(290.054)** | (1.317.184) |
| Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері | **(8.745)** | 108.222 |
| Құнсыздану резервіндегі өзгерістер | **84** | (41) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларынын таза сомасы** | **(759.133)** | 285.747 |
| Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты мен оның баламалары | **1.545.848** | 1.266.605 |
| **Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | **786.715** | 1.552.352 |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры *Д.С. Қарабаев*

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы *А.Ж. Бекназарова*

Бас бухгалтер *Е.Е. Орынбаев*

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| | Бас компанияның акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2018 жылдың 1 қаңтарына (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)** | 709.345 | 243.876 | 83 | 1.295.091 | 3.652.800 | 5.901.195 | 870.012 | 6.771.207 |
| Кезеңдегі таза пайда (аудит жүргізілмеген) | – | – | – | – | 625.789 | 625.789 | 22.438 | 648.227 |
| Басқа да жиынтық кіріс (аудит жүргізілмеген) | – | – | – | 273.775 | (147) | 273.628 | 5.912 | 279.540 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | – | – | – | 273.775 | 625.642 | 899.417 | 28.350 | 927.767 |
| Жарғылық капиталға жарна *(12-ескертпе)* | 207.196 | (203.217) | – | – | – | 3.979 | – | 3.979 |
| Самұрық-Қазынамен операциялар *(12-ескертпе)* | – | – | – | – | (84.449) | (84.449) | – | (84.449) |
| Дивидендтер *(12-ескертпе)* | – | – | – | – | (36.272) | (36.272) | (6.201) | (42.473) |
| Самұрық-Қазына пайдасына бөлулер *(12-ескертпе)* | – | – | – | – | (3.520) | (3.520) | – | (3.520) |
| Еншілес ұйымның меншікті акцияларын сатып алу *(12-ескертпе)* | – | – | – | – | 99.387 | 99.387 | (733.597) | (634.210) |
| **2018 жылдың 30 қыркүйегіне (аудит жүргізілмеген)** | 916.541 | 40.659 | 83 | 1.568.866 | 4.253.588 | 6.779.737 | 158.564 | 6.938.301 |

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | Бас компанияның акционерлеріне келеді | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **Жарғылық капитал** | **Қосымша төленген капитал** | **Басқа капитал** | **Есептілік валютасын қайта есептеу резерві** | **Бөлінбеген пайда** | **Жиыны** | **Бақылан-байтын қатысу үлесі** | **Жиыны** |
| **2018 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.764.108 | 4.341.062 | 7.062.588 | 80.480 | 7.143.068 |
| Есеп саясатындағы өзгерістер *(2-ескертпе)* | – | – | – | – | (4.268) | (4.268) | (910) | (5.178) |
| **2019 жылдың 1 қаңтарына (қайта есептелген)** | 916.541 | 40.794 | 83 | 1.764.108 | 4.336.794 | 7.058.320 | 79.570 | 7.137.890 |
| Кезеңдегі таза пайда (аудит жүргізілмеген) | **–** | **–** | **–** | **–** | **831.973** | **831.973** | **(37.622)** | **794.351** |
| Басқа да жиынтық кіріс (аудит жүргізілмеген) | **–** | **–** | **–** | **37.798** | **(767)** | **37.031** | **5** | **37.036** |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | **–** | **–** | **–** | **37.798** | **831.206** | **869.004** | **(37.617)** | **831.387** |
| Самұрық-Қазынамен операциялар *(12-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(11.053)** | **(11.053)** | **–** | **(11.053)** |
| Дивидендтер *(12-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(36.998)** | **(36.998)** | **(4.138)** | **(41.136)** |
| Самұрық-Қазына пайдасына бөлулер *(12-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(5.627)** | **(5.627)** | **–** | **(5.627)** |
| Еншілес ұйымның меншікті акцияларын сатып алу *(12-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(1.689)** | **(1.689)** | **(46)** | **(1.735)** |
| Жарғылық капиталға жарна *(12-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **1.906** | **1.906** |
| **2019 жылдың 30 қыркүйегіне (аудит жүргізілмеген)** | **916.541** | **40.794** | **83** | **1.801.906** | **5.112.633** | **7.871.957** | **39.675** | **7.911.632** |

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры ____________ *Д.С. Қарабаев*

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы ____________ *А.Ж. Бекназарова*

Бас бухгалтер ____________ *Е.Е. Орынбаев*

*Есеп саясаты және 8-40 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

**2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін**

## 1. *ЖАЛПЫ АҚПАРАТ*

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» немесе – «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 Қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ Ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясының қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері ҚазМұнайГазға берілді. 2004 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қорымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚР Ұлттық Банкі») Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 10%-ын және бір акциясын сатып алды. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Самұрық-Қазына мен Қазақстан Ұлттық Банкі тиісінше 90,42% және 9,58% акцияларын иеленеді.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компанияның 54 операциялық компанияда қатысу үлестері болды (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 57) (бұдан әрі – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай Батыр даңғылы, 19.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында мемлекеттің саясатына қатысу;
- мұндай келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Топтың бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директор, Басқарушы директор – қаржылық бақылаушы мен бас бухгалтер 2019 жылғы 19 қарашада бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты *«Аралық қаржылық есептілікке»* сәйкес (бұдан әрі – «34 ХБЕС») дайындалды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Топ аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің валютасын мың теңгеден миллион теңгеге өзгертті, өйткені Топ мұндай өзгерту қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша орынды болып табылатын ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді деп есептейді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ (жалғасы)

### Шетел валютасын қайта есептеу

*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, шетел валютасындағы операциялар бойынша Топтың таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

*Топтың кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы ҚҚБ-ның айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 387,99 және 384,20 теңгені құрады. Бұл бағамдар АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды, 2019 жылдың 30 қыркүйегінеі аяқталған тоғыз айда 1 АҚШ доллары үшін орташа алынған мөлшерлememен 381,52 теңгені құрады. 2019 жылғы 19 қарашадағы ҚҚБ-да айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 387,16 теңгені құрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2019 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ бұрын шығарылған, бірақ күшіне енбеген басқа стандарттарды, түсіндірулер мен толықтыруларды мерзімінен бұрын қолданбаған.

Сонымен қатар, Топ 2019 жылы бірінші рет төменде көрсетілген түзетулер мен нақтылауларды қолданды, бірақ бұл түзетулер мен нақтылаулар Топтың аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

- *«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік»* 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру.
- 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер *«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар»*.
- 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер *«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»*.
- 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер *«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»*.
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жж.:
  - 3 ХҚЕС (IFRS) *«Бизнестерді біріктіру»*;
  - 11 ХҚЕС (IFRS) *«Бірлескен кәсіпкерлік»*;
  - 12 ХҚЕС (IAS) *«Пайда салықтары»*;
  - 23 ХҚЕС (IAS) *«Қарыздар бойынша шығындар»*.

Топ *«Жалдау»* 16 ХҚЕС (IFRS) алғаш рет қолдануда. 34 ХБЕС-нің талаптарына сай мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген.

*16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»*

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) *«Жалдау»* ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) *«Операциялық жалдау – стимулдар»* түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті пайдалану әдісімен қолданды. Бұл әдіске сай стандарт бастапқы мойындау күніне стандартты бастапқы қолданудың жалпы әсерін мойындай отырып ретроспективті түрде қолданылады. Стандартқа өту кезінде Топ бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ақ Топ солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)*

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың 2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есепке әсері:

| *Миллион теңгемен* | **1 қаңтар 2019 жыл** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| Негізгі құралдар *(5-ескертпе)* | (524) |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер *(6-ескертпе)* | 44.398 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | (2.364) |
| **Активтер жиыны** | **41.510** |
| **Капитал** | |
| Бөлінбеген пайда | (4.268) |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | (910) |
| | **(5.178)** |
| **Міндеттемелер** | |
| Жалдау бойынша міндеттемелер *(6-ескертпе)* | 46.688 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | **41.510** |

*(а) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты*

Топтың түрлі қондырғыларды, машиналарды, көлік құралдары мен басқа да жабдықты жалдау шарттары бар. 16 ХҚЕС (IFRS) қолданғанға дейін Топ жалдау қатынастарының басталу күніне әрбір жалдау шартын (сол бойынша жалға алушы болған) қаржылық жалдау ретінде немесе операциялық жалдау ретінде жіктеді. Егер Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде берілген болса, жалдау шарты қаржылық жалдау ретінде жіктелді; өйтпеген жағдайда жалдау шарты операциялық жалдау ретінде жіктелді. Қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталдандырылады немесе егер бұл сома аз болса, жалдау қатынастарының басталу күніне айқындалған ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша. Жалдау төлемдері пайыздар (қаржыландыру шығындары ретінде танылған) арасында бөлінді және жалдау бойынша міндеттемелер азайды. Операциялық жалдау жағдайында жалға алынған мүліктің құны капиталданбады, ал жалдау төлемдері жалдау шығыстары ретінде пайданың немесе зиянның құрамында жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен мойындалды. Барлық авансттық жалдау төлемдері мен есептелген жалдау төлемдері алынған аванстар, сауда кредиторлық берешек және тиісінше басқа да ағымдағы міндеттемелер ретінде танылды.

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді пайдалануды бастады. Топ стандартта көзделген іс жүзіндегі сипаттағы айрықша ауыспалы талаптар мен жеңілдіктерді қолданды.

<u>Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау</u>

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін Топ бастапқы мойындау күніне мойындалған активтер мен міндеттемелердің бастапқы баланстық құнын өзгертпеді (яғни жалдау бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен міндеттемелер 17 ХҚЕС-ті (IAS) қолдана отырып танылған жалдау бойынша активтердің және жалдау бойынша міндеттемелердің көлеміне тең сомада бағаланды). 16 ХҚЕС (IFRS) талаптары мұндай жалдауға 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)*

*(а) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты (жалғасы)*

Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Жалдау шарттарының көпшілігі бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер баланстық құны бойынша бағаланды, егер стандарт әрдайым қолданғандай болса, бірақ бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған. Кейбір жалдау шарттарында пайдалану құқығы нысанындағы активтер бұрын мойындалған мұндай жалдауға орай күні бұрын жүзеге асырылған немесе есептелген жалдау төлемдерінің көлеміне түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерге тең көлем бойынша мойындалды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша танылды.

Сондай-ақ Топ іс жүзіндегі сипаттағы барлық қолжетімді жеңілдіктерді қолданды.

Төменде 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалдау міндеттемелері 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдаудың шарттық міндеттемелерімен салыстырып тексеру көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер** | **71.902** |
| 2019 жылғы 1 қаңтарға қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі бойынша дисконт әсері | (20.840) |
| **2019 жылғы 1 қаңтарға операциялық жалдау бойынша дисконтталған шарттық міндеттемелер** | **51.062** |
| Қысқа мерзімді жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелерді шегере отырып | (4.374) |
| Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелерді қоса *(6-ескертпе)* | 9.206 |
| **2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау бойынша міндеттемелер *(6-ескертпе)*** | **55.894** |

*(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері*

Төменде бастапқы мойындалған күннен бастап қолданылған 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топтың жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Егер Топта ол жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділігі болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің ең қысқасының бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР, МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)*

*(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)*

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ, егер жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмаса, жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды негізгі құралдарды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

Ұзарту опционымен жасалған шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

